

«Біз «Жанында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз. Шын мәнінде, тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез-келген статистикадан артық көрсеткіш» деген Елбасы тұжырымы біздің кейіпкеріміздің де бірегей тұлғасын даралайтын айқын бағдар деп білеміз.

Еліміз егемендік алған жылдардың басында алғашқы мемлекеттік институттардың қалай құралып, бірінші заңдар қалай жазылып, төл ақшамыз теңгенің, Қазақстанның қаржы жүйесінің қалай енгізіліп, кәсіпкерліктің қалай пайда болғаны әлі көз алдымызда. Әлемдік қаржылық дағдарысты қалай өткергеніміз де есімізден шыға қойған жоқ.

Жаңа идеялардың пәрменді генераторы

Қазақстанның экономикалық ғылымының дамуына жаңа көзқарас қалыптастырушы бола білген, негізгі қалыптастырушы заңдарды құруға, жалпы ғылыми-зерттеу саласының, жеке экономика ғылымының сақталып қалуы мен бекуіне орасан зор үлес қосқан, өз еңбектерімен мемлекеттік мекемелердің тиянақты да табанды жұмыс істеуіне ықпал еткен тұлға – академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев еді.

Ағамыздың ғұмырлық биографиясы мазмұнды әрі артынан ерген ұрпақтарына толыққанды үлгі боларлықтай. Көптеген ғылыми еңбектердің авторы, 39 жасында ғылым докторы, 40 жасында профессор атанған, экономика саласының қыр-сырын терең зерттеуші, қоғамдық саяси ойдың шежіресі, тарихымызда қайталанбас қолтаңбасы бар қадірлі азамат, дара тұлғалы академик ағамыздың ғибраты мол ғұмыры ұрпаққа үлгі, баршамызға өнеге.

Мектеп қабырғасын күміс медальмен тамамдап, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін үздік дипломмен аяқтап, еңбек жолының алғашқы баспалдағын өзі білім алған қарашаңырақта бастады. Алайда, жастайынан білімге құмар болған Кенжеғали Әбенұлының басты арманы сол тұстағы бас қала – Мәскеуді бағындыру болды. Асыл арманына жету жолында Мәскеу жоғары мектебінде экономика саласы бойынша білімін шыңдап, ғылыми жолға түсті.

Кенжеғали Сағадиев – экономика ғылымының докторы, профессор, Халықаралық жоғары мектеп академиясының академигі, Нью-Йорк, Пәкістан ғылым академияларының мүшесі, Кембридж халықаралық биографиялық орталық шешімімен «Жыл адамы» атағының иегері, Қазақстан жоғары мектебі тарихында төрт жоғары оқу орны мен ҚР Ұлттық Ғылым академиясын жоғары біліктілік әрі кәсіби шеберлікпен басқарып, ҚР Парламентінің үшінші және төртінші шақырылымында депутат болуы кез-келген жанның пешенесіне бұйырмайтын бөлек дүние, дәуір тұлғасына ғана тән тағалымды тағдыр.

Отандық ғылымға қосқан қомақты үлесі үшін Кенжеғали Сағадиев 1994 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі атағын иеленді. Мұндай атаққа ие болу – экономика ғылымының шыңына жеткендігінің, ғалым ретінде толық қалыптасып, мемлекет пен қоғам тарапынан мүлтіксіз танылғандығының белгісі.

Қазақ ғылымының мәртебесі өсіп, даңқы әлемге жайылуына ерекше үлесін қосқан К.Сағадиевті замандастары «Қазақстандық экономика ғылымының абызы» деп



«Менің өмір бойы іздегенім – білім»

АКАДЕМИК КЕНЖЕҒАЛИ ӘБЕНҰЛЫ САҒАДИЕВ – НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚЫРЫ МЕН СЫРЫН ТОЛЫҚ МЕНҒЕРГЕН ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ ТҮЛҒА

Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында еліміздің даму жолында қыруар істер атқарып, өркениеттілікке ұмтылуға зор үлес қосқан азаматтардың ездері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қоятынын, шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұрғанын атап өткен еді.



бағалайды. Ғалымның өзі салған жол бар, сомдаған мектеп бар.

Экономика ғылымының 33 докторы мен 44 кандидатын дайындаған ұлағатты ұстаз

Бүгінде академик Сағадиевтен тәлім-тәрбие алған, дәрісін тыңдап, ұстаздың ғылыми жетекшілігімен, зерттеулер жүргізген азаматтар мемлекет, қоғам қайраткері, белгілі ғалым ретінде Қазақстанда ғана емес, шет елдерде жемісті еңбек етуде. Кенжеғали Әбенұлы экономика ғылымының 33 докторы мен 44 кандидатын дайындаған – ұлағатты ұстаз.

Қазақстанның егемендік алған алғашқы кездері мен экономика ғылымының жаңа бағыты бастау алған тұста Кенжеғали Сағадиев те тәуелсіз Қазақ Елінің төл перзенті ретінде өзінің ерен еңбегін көрсете білді. Ардақты ағамыз тәуелсіздіктің алғашқы қиын да жауапты жылдарында Елбасының қасында жүрді, азаттыққа қол жеткізген Отанымыздың өркендеуі жолында кәсіби білігімен, білімімен ұлт зиялыларының бірі ретінде көптеген игі істерге ұйытқы болып, халқына қалтқысыз еңбек етті. Елі арқалатқан аманатқа адал болып, жас мемлекетіміздің қанатын кең жаюына елеулі үлес қосты.

Академик Сағадиевтің экономика саласының қыр-сырын зерттеудегі істері бүкіл республика жұртшылығының назарына ілінді, қаламынан туған ғылыми еңбектер мен мақалалар экономика ғылымының негізін танытатын тарихтың қайталанбас беттеріне айналды. Бұл ғылыми еңбектерінің өзі – бүгінгі және келешек буына жол көрсетер асыл қазына. 240-тан астам ғылыми жұмысы, оның ішінде экономика саласы бойынша 32 монографиясы жарыққа шыққан ғалымның ғылыми

дәлелденген, дәйекті айтылған пікірі ел дамуына өз септігін тигізді. Халықтың бағына туған, елі арқалатқан аманатқа адал болып, жас мемлекетіміздің қанатын кең жаюына елеулі үлес қосқан академик

солардың қатарында болып, тәрбие, адамгершілік, ғылыми, ұстаздық, ұйымдастырушылық, жалпы айтқанда өмір мектебінен өтуді жазған тағдырыма шүкіршілік етемін.

Кенжеғали Әбенұлы бізге әрқашан жанашырлық сезіммен қарап, қолдау көрсетіп тұратын. Бір қарағанда түсі қаталдау көрінгенімен жүрегі жылы, мейірімді, кімнің қандай іске бейімі барын тез танып, бір мақсатты орындауға жұмылдыра білетін ерекше қасиеті бар. Ұстазымыздың алдына барғанда «қалқам» деп жылы үнмен сөйлейтін, өзіне ғана тән мінезі бізге мол сенім, күш-жігер беретін.

«Ұстаз – ұстаз емес, өз шәкірті үшін күймесе, шәкірт – шәкірт емес, өз ұстазын сүймесе» деген Жүсіпбек Аймауытовтың сөзі – Кенжеғали Әбенұлының шәкірттеріне деген жанашырлығы мен шәкірттерінің ұстазына деген құрметінің айғағы деуге болады.

Ұстаз шәкірттерімен мың жасайды

Кез-келген дария өзінің бастау көзін бұлақтан алатыны сияқты, Кенжеғали Әбенұлының өмір-өзені де балалық шақтан, жастық дәуреннен басталады. Академик ағамыздың өзі айтқандай, тарыдай болып кіріп, таудай болып шығатын Ақ орда – білім мен ғылымға жол көрсеткен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін ұмытқан емес. Өзі білім алған әрі саналы ғұмырындағы еңбек жолының алғашқы баспалдағын ұстаздықтан бастаған университетпен әлі күнге дейін байланыс үзбеуі ұлағаттылықтың белгісі. Университет тәлімгерлеріне көшбасшылық дәрістерін оқыған сәттерінде университет қабырғасында үлгілі студент, жастар ұйымының жетекшісі болған академик ғылымға құштарлық өмірлік жолды әрдайым нұрландырып тұратынын, ал оның бірден-бір қозғаушы күші білім екенін айтудан жалықпайды. Сондай-ақ, адамгершілік, адами қасиеттің шыңы – әлеуметтік жағынан аз қамтылған, оқу мен қоғамдық жұмыстардағы белсенді студенттер мен магистранттарға қаржылық жағынан жүйелі түрде көмек беріп тұратынын да айтпасқа болмас. Сонымен бірге, Кенжеғали Әбенұлы әлемдік жетекші университеттер тәжірибесіне сай университетімізде құралған эндаумент-қорды қолдаған алғашқы жандардың бірі.

Көпбалалы отбасынан шығып, бүгінде алып бәйтерекке айналған ағамыз әлі күнге дейін, мәуелі ағаш жемісі піскен сайын иіледі дегендей, әрдайым әрбір жанның жүрегіне жол таба білуде.

Егемен елдің гүлденуіне елеулі үлес қосып келе жатқан академик, ірі экономист-ғалым, қоғам қайраткері, ойшыл-стратег Кенжеғали ағамыздың рухани жаңғыруға деген ұмтылысы да ширақ. Ұстаз өз қызметінде Елбасы айтқандай, «Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отырғанын» басты ұстанымы деп біледі. Бұл бағытта Кенжеғали Әбенұлының бергенінен берері әлі де алда екеніне сенімдіміз. «Ұстаз шәкірттерімен мың жасайды» дегендей, қаншама жас ұрпаққа экономика ғылымының қыр-сырын үйретуден жалықпаған ұлағатты ұстаздың еліміздің рухани жаңғыруы аясында өзі тәрбиелеген оқушыларымен мың жасайтыны сөзсіз!

Б.ЕРМЕКБАЕВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,
экономика ғылымының кандидаты.

К.Сағадиевтің еркін экономиканы мемлекеттік басқару қажеттігі туралы айтқан пікірін уақыттың өзі дәлелдеді. Бұл – мемлекеттің саяси-экономикалық жағдайын танып-білуде, болжауда ғалымның аса көрегендігінің және теориялық базасы жоғары екендігінің белгісі.

Кенжеғали Әбенұлы «Реформалар: талдамалы көзқарас» атты 5 томдық еңбегінде жаһандану кезеңіндегі Қазақстанның өркениетті елдердің көшінен қалмас үшін, қандай қадамдар жасауы қажет екендігі туралы ой-тұжырымдарын оқырман назарына ұсынады. Академиктің «Ғылымсыз ғұмыр – тұл» деген қорытындысы ұлттық ғылымды дамытудың қажеттілігін айқындайды. Сонымен қатар, ұлттық экономика абызының Қазақстанның өркениетті 50 ел қатарына енуінің және ел экономикасының бөсекеге қабілетті болуының жолдары туралы авторлық ой-пікірлері мен батыл тұжырымдары бүгінгі қалыптасқан қазақстандық жолдың бағдарына жолашар болды.

Ұлттық экономика ғылымының абызы

Кенжеғали Әбенұлы – жаңа нарықтық экономиканың қыры мен сырын толық меңгерген, жаңа формацияның ғалымы. Нарықтық өркениеттің жаршысы және оның экономикалық құралдарын елге үйретуші ұстаз. Ғалымның барлық еңбектерін бір мақала шегінде айтып өту мүмкін емес.

«Менің өмір бойы іздегенім – білім» деп ғалым ұстаздың өзі айтқандай, Ұстаз әлі күнге дейін қажырлы қайратымен артынан ерген ұрпақтары мен шәкірттеріне тәлімдері мен ақыл кеңесін айтып, шамшырақ секілді шуағын шашудан шаршамай келеді.

Мен Кенжеғали Әбенұлының мыңдаған шәкірттерінің бірі ретінде